

Бекітілді:  
№ 23 «Алтын сақа» тобының бақшасының  
менгерушісі, ұстазының Т.Ж.  
21 08.2020ж.



**2020 – 2021 оқу жылына арналған мад «Алтын сақа» тобының  
вариативтік бөлім жоспары**

**«Өлкетану»**

**2020 – 2021 оқу жылы.**

## Түсіндірме хат

Өлкетану тақырыбы барысында балаларға Қазақстан жерінің,туған өлкесінің белгілі бір өңірдің табиғаты,халқы, шаруашылығы,тарихы,мәдениеті туралы білім беру. Бұл вариатиптік оқу қызмет арқылы балалар көптеген мағұлмат алады.Балалардың туған өлкесіне деген,табиғатты аялауға,қорғауға деген сүйіспеншіліктері артады.

«**Өлке тану.Менің туған өлкем**» үйірмесі балаларды туған өлкеге деген қызығушылығын,туған өлкенің табиғатын,шаруагылығын,жануарлары,құстары ,өсімдіктері,балықтарын т.б түрлерін әңгімелей білуге үйретеді.

**Мақсаты:** Балаларға Табиғаттағы өзінің орнын түсіну талаптарын үйрету.Өз өзіне оң баға беру қажеттілігі,өз күшіне сенімін бекіту,дербестікті және өз өзін қадірлеуді балалар бойына қалыптастыру.

### Міндеттері:

Табиғатты аялауға.

Туған өлкенің табиғатын,тарихын білуге деген қызығушылығын арттыру.

Туған өлке туралы әңгімелей білуге үйрету.

### Күтілетін нәтиже:

туған өлкеге деген қызығушылығын,туған өлкенің табиғатын,шаруагылығын,жануарлары,құстары т.б түрлерін әңгімелей білуге үйренеді.Туған өлкеде болатын құстар,жануарлар,өсімдіктер,балықтар т.б туралы білетін болады.

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілдері	Керекті құралдар	Сағаты
Қыркүйек айы	1-апта	«Мен және айналамдағы әлем»	Табиғаттағы өзінің орнын түсіну талаптарын үйрету,өз өзіне оң баға беру қажеттілігі,өз күшіне сенімін бекіту,дербестікті және өз өзін қадірлеуді балалар бойына қалыптастыру.	Түсіндіру Сұрақ-жауап Дид/қ ойын: «Мен»	Тақырыпқа байланысты үлгі суреттер.	1
	2-апта	«Бізді қалай атайды?» (ойын жаттығуы)	Балалардың есімі бойынша еркелетіп жағымды атауға,ересектерді есімімен атауға және ата-тегімен, «Сіз»деп ілтипат білдіруге,сыпайылықпен амандасуға,әрі қоштасуға үйрету.	Мейірімділік туралы әңгімелеу,сұрақ-жауап,ойындар ойнату.т.б	Тақырыпқа сай суреттер	1
	3-апта	«Қонақтарды қарсы аламыз»(ойын)	Ересектермен және құрбылармен сыпайы,ілтипат білдіріп сөйлеуге үйрету.Балаларды қонақжайлыққа,үлкенді сыйлауға тәрбиелеу және қонақты күтіп баптай алуға үйрету.	Дид/қ ойын: «Менің отбасым» Слайд көрсету т.б	Слайд,үлгі суреттер.	1
	4-апта	«Туған өлкем-Атырау»	Туған қала және қаланың көрнекті жерлері туралы түсінік беру.Балалардың өзінің туған қаласына деген сүйіспеншіліктерін арттыру,қала туралы такпақ жаттау арқылы тілдерін дамыту,патриоттыққа баулу.	Атырау қала туралы слайд тамашалатып түсіндіру. Такпақ жаттату. Дид/қ ойын: «Не қайда орналасқан?» Сурет салғыздыру.т.б	Слайд,сурет салғыздыруға керекті құралдар.	1

<b>Қазан айы</b>	<b>1-апта</b>	<b>«Туған өлке табиғаты»</b>	Балалардың табиғаттағы адамдардың жүріс-тұрыстары мен қоршаған ортаның жағдайымен өзара байланысы туралы түсініктерін кеңейту, туған өлке табиғатының ерекшеліктері туралы түсіндіру, ізгі ниеттерді, білімге деген құштарлықты, қоршаған табиғатты сақтау қажет екенін түсіндіріп тәрбиелеу.	Сурет, слайд бойынша көрсетіп, түсіндіру. Дид/қ ойын: «Қала мен дала»	Слайд, үлгі суреттер.	1
	<b>2-апта</b>	<b>«Туған күніңмен сүйікті қалам»</b>	Балаларға өз қаласы Атыраудың туған күні қай жыл мезгіліне келіп тұрғаны туралы және өз қаласына деген қызығушылықтарын арттыру.	Атырау қаласы туралы бейне материалдар көрсету, тақпақтар айтқыздыру, әңгімелету.	Атырау қаласы туралы бейне материалдар.	1
	<b>3-апта</b>	<b>«Қазақстан үлкен және әртүрлі» (Қазақстан туралы бейнефильм, әңгімелесу)</b>	Қазақстан, қалаларының көптігі және әртүрлі табиғат аймақтары (орман және жазық дала, шөлдала, тау мен өзендер) туралы түсініктерін кеңейту. Қазақстанның ауыл және қала тұрғындарының өмір сүру ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларды өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Бейне фильм көрсету. Сұрақ-жауап, тақпақ, мақалдар айтқыздыру. Дид/қ ойын: «Бұл қай жер?»	Қазақстан қалаларының суреттері, слайд	1
	<b>4-апта</b>	<b>«Мен, сен, олар – бәріміз тату тәтті отбасымыз»</b>	Балаларға Қазақстан халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерін өздерінің бойларына тоқи білуге және балаларды бір-біріне мейірімді, қамқор болуға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, Мақалдар жаттату. Дид/қ ойын: «Өз туыстарыңды ата»	Балалардың отбасыларының фото суреттері	1

<b>Қараша айы</b>	<b>1-апта</b>	<b>«Қала және ауыл көшелері»</b>	Суреттерді салыстыра отырып, қала мен ауыл туралы әңгімелеуге үйрету. Қарым-қатынас жасауға, өз жолдастарының жауаптарын толықтыруға және үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету.	Слайд көрсету, әңгіменлеу, сұрақ-жауап, сурет салғыздыру.	слайд	1
	<b>2-апта</b>	<b>«Отбасында барлығы еңбек етеді» (Бейнероликті көру)</b>	Балаларға отбасы туралы және олардың бірін-бірі жақсы көретінін, бір-біріне қамқор болатын адамдар екені туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы мүшелеріне, туған үйіне инабатты және қамқор болуға тәрбиелеу.	Сурет бойынша әңгімелету, мақал, тақпақтар айтқызыдыру. Дид/қ ойын: <b>«Сен кімге қалай көмектесесің?»</b>	Отбасы суреттері	1
	<b>3-апта</b>	<b>«Қайырымды болу нені білдіреді?» (ой бөлісу)</b>	Қарапайым қайырымдылық өзара көмек көрсету, достық туралы түсінік беру. Балалардың адамдарға, жануарларға, жалпы тіршілік атауға деген қайырымды болуға үйрету.	слайд бойынша әңгімелеу, достық, қайырымдылық туралы мақал жаттату.	Диски.	1
	<b>4-апта</b>	<b>«Біздің көше»</b>	Балаларға өзі тұратын көшелерінің атын дұрыс атап айтуды, мекен жайын, телефон номерін жатқа айта алуды және өз балабақшаның қай көшеде орналасқанын атап айтуды үйрету.	Сұрақ-жауап, сурет бойынша әңгімелеу, Дид/қ ойын: <b>«Бұл не?»</b>	Тақырыпқа байланысты үлгі суреттер.	1

Желтоқсан айы	1-апта	«Қазақстан-байтақ далам»	Қазақстанда мекен ететін, әртүрлі ұлт өкілдерінің өздеріне тән мәдениеті бар екені жайлы түсініктерін кеңейту. Әр түрлі өкілдерінің бір-біріне сеніммен қарап, қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.	Әңгімелесу, түсіндіру, өлең жаттату, «Достық» туралы мақал жаттату.	Тақырыпқа сай үлгі суреттер	1
	2-апта	«Қазақстанның рәміздері»	Балаларды Республиканың туымен, елтаңбасымен, әнұранымен таныстыру. Мемлекеттік рәміздерді қайда қолданатын және оларға қатысты қандай салттар орындалатынын көрсету. Достыққа тәрбиелеу.	Рәміздерді көрсетіп таныстыру, әңгімелеу, Қ.Ыдырысов «Менің елім» өлеңін жаттау.	Тақырыпқа байланысты суреттер	1
	3-апта	«Туған өлке жануарлар» бейне фильм тамашалау	Балаларға өз туған жерінде мекендейтін жануарлар туралы әңгімелеу, оларға деген қамқорлық сезімдерін ояту.	Бейне фильм тамашалау, әңгімелеу, сұрақ-жауап т.б	Бейнефильм	1
	4-апта	«Кәсіптердің бәрі керек, кәсіпкердің бәрі қажет»	Ересектердің еңбектеріне қызығушылықты, қадірлеу қатынасын дамыту. Кәсіпкер деген сөзді түсіндіру, олардың еңбегі неге қажет екенін түсіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, Д/о: «Кімге не қажет?»	Мамандық суреттері	1

<b>Қаңтар айы</b>	<b>1-апта</b>	<b>«Дүкенде кім қызмет етеді?» (жақын маңдағы дүкенге саяхат)</b>	Ересектердің еңбегімен таныстыруды жалғастыру. Сатушының қызметі туралы білімдерін кеңейту. Ересектердің еңбектеріне қызығушылықтарын арттыру.	Саяхат, түсіндіру, сұрақ-жауап.		1
	<b>2-апта</b>	<b>«Туған өлке байлықтары»</b>	Атырау қаласынан шығатын қазба байлықтары туралы түсінік беру. Балаларды туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Бейнефильм көрсету, сұрақ-жауап, ойын ойнату. т.б	ойынға қажетті заттар.	1
	<b>3-апта</b>	<b>«Менің отбасым»(отбасы туралы фото суреттер, бейнефильм тамашалау)</b>	Балалар өзінің отбасылары туралы және олардың мейірімі мен жанашырлығы туралы әңгімелеуге талпындыру. Жақындарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	Әңгімелету, тақпақ айтқыздыру, сұрақ-жауап, ойын ойнату.	Фото суреттер, диск	1
	<b>4-апта</b>	<b>«Туған өлке өсімдіктері» (Бейнефильм қарау)</b>	Балаларға өз туған өлкемізде қандай өсімдіктер өсетіні туралы бейнефильм көрсету арқылы түсіндіру. Сонымен қатар оларға үнемі қамқорлық жасай жүруге тәрбиелеу.	Сурет бойынша әңгімелету, сурет сағыздыру, Дид/қ ойын: <b>«Не артық?»</b>	Диски, ойынға, сурет салуға керекті құралдыр.	1

<b>Ақпан айы</b>	<b>1-апта</b>	<b>«Көлікті кім жүргізеді?» (жүргінші жолға саяхат)</b>	Жүргізушінің еңбегі туралы білімдерін кеңейту.Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру.Көліктің бөлшектерін білу және атау.Жолда қызмет ететін ересектердің еңбектеріне қызығушылықтарын арттыру.	Түсіндіру,саяхат,әңгімелеу т.б	Саяхат Жүргізушінің құралдаы	1
	<b>2-апта</b>	<b>«Достарыммен бақытты бір әлем»</b>	Біз бәріміз біртұтас әлем екенімізді,әр ұлт өкілдерін берік достық қана біріктіріп тұратындығы жайлы түсінік беру.Өздерінің достары жайлы,олардың тартымды қылықтары туралы әңгімелей білуді үйрету.	Әңгімелеу,түсіндіру,сұрақ-жауап,сурет салғыздыру,мақал жаттату.т.б	Үлгі суреттер	1
	<b>3-апта</b>	<b>Туған өлкедегі өзен-көлін мекендейтін балықтар.</b>	Туған өлкедегі өзен-көлдегі мекендейтін балық түрлерімен таныстыру.Балықтың пайдасы және оның тіршілігі туралы білім беру.	Бейнефильм тамашалату, сұрақ-жауап, жұмбақ жасыру,ойын ойнату т.б	Үлгі суреттер, диск	1
	<b>4-апта</b>	<b>Қазақстанда өсетін ағаштар,бұталар.</b>	Өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш топқа(ағаштар,бұталар,шөптесін өсімдіктер)жіктей білуге үйрету.Өзінің туған өлкесінде өсетін ағаштармен таныстыру.	Слайд тамашалату,сұрақ-жауап,сурет салғыздыру т.б	Үлгі суреттер,слайд	1



<b>Наурыз айы</b>	<b>1-апта</b>	<b>«Туған өлкемізден шыққан өнер адамдары.»</b>	Атырау қаласынан шыққан өнер адамдарының Дина Нұрпейсова, Құрманғазы Сағырбаев, Фариза Оңғарсынова, Нариман Үлкенбаев т.б өмір баяны және олардың шығармалары туралы түсініктерін кенейту.	Слайд көрсету, сұрақ-жауап, өлеңдер айтқызыдыру, ұнтаспа тыңдату т.б	Ұнтаспа, слайд	1
	<b>2-апта</b>	<b>«Киіз үйдегі Айгерімге қонаққа бару»</b>	Балаларға Қазақстанда өмір сүретін халықтың әр түрлі тілде сөйлетіндігі туралы және өздеріне тән мәдениетімен бір-біріне қызықты екенін айтып түсіндіру. Балаларды үлкенді сыйлауға, өз-өздерін ұстауға тәрбиелеу.	Слайд, сурет бойынша түсіндіру, әңгімелеу. Сұрақ-жауап, Дид/қ ойын: <b>«Аттарын ата»</b>	Тақырып бойынша слайд, суреттер	1
	<b>3-апта</b>	<b>«Көктемгі құпиялар»</b>	Балаларға табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін жалғастыру. Табиғатта, ауа райында, жануарлар мен өсімдіктер әлемінде, адамдардың киімдерінде маусымдық өзгерістерді байқай білуге үйрету.	Слайд, суреттер көрсету, жұмбақтар жасыру, сұрақ-жауап, Сурет бойынша әңгімелеу, ойын ойнату. т.б	Слайд, үлгі суреттер	1
	<b>4-апта</b>	<b>«Халық ойыншықтары»</b>	Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру. Олардың материалдарының түрлігі (ағаштан, саздан т.б) туралы білімдерін жатілдіру.	Көрсету, түсіндіру, ойындар ойнату, сұрақ-жауап т.б	Үлгі суреттер, ойыншықтар	1

<b>Сәуір айы</b>	<b>1-апта</b>	<b>«Туған өлке құстары» бейне фильм тамашалау</b>	Балаларға өлкемізде мекендейтін және үй құстарының түрлерімен және олардың тіршілігі туралы түсінік беру. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Жұмбақ жасыру, сұрақ-жауап, сурет арқылы әңгімелету. т.б	Диск, суреттер	1
	<b>2-апта</b>	<b>«Туған жерім тамаша» М Әлімбаев</b>	Балаларға өлең жолдарын түсіндіріп, өз туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, өлеңді түсініп жатқа айта алуға үйрету.	Өлеңді жаттатыру, слайдпен түсіндіру, сұрақ-жауап, Дид/қ ойын: «Дәл тап»	Слайд, суреттер	1
	<b>3-апта</b>	<b>«Туған өлкеміздің мақтаныштары» (ескірткіштер)</b>	Балаларға қаламыздағы атақты аға-апаларымызға, ата-әжелерімізге арналған ескерткіштерді көрсету арқылы түсінік беру. Олардың еңбектері мен жетістіктері туралы түсініктерін кеңейту.	Диск көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар ойнату.	Диск, суреттер	1
	<b>4-апта</b>	<b>«Сізге хат келді» (Поштаға саяхат)</b>	Пошта қызметкерлерінің іс-әрекеті және еек әрекеттері туралы түсініктерін кеңейту. Пошта қызметкерлері хаттарды, сәлемдемелерді жіберіп, газетрді тарататындары туралы үсінік беру. Еркесектердің еңбектерін бағалауға, өзі еңбек етуге ынтасын тәрбиелеу.	Поштаға саяхат, әңгімелесу, жұмбақтар шешу.	Пошташы апайдың құралдары	1

<b>Мамыр айы</b>	<b>1-апта</b>	<b>«Елімнің соғыс ардагерлері» (Жеңіс саябағына саяхат)</b>	Балаларды Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру. Ұлы Отан оғысы және соғысқа қатысқан қазақбатырлары туралы түсініктерін кеңейту. Ұлы Отан соғыс ардагерлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Жеңіс саябағына саяхат, әңгімелеу, сұрақ-жауап т.б	Саяхат	1
	<b>2-апта</b>	<b>«Ауыл тұрғынның еңбегі» (балықшы еңбегі, жағажайға саяхат)</b>	Балаларға жағажайға саяхат жасау арқылы ата кәсібіміз балықшы еңбегі туралы түсінік беру. Балаларды әңгімелету арқылы үлкендер еңбегін бағалауды және үлкендер еңбегіне қызығушылықпен қарауды қалыптастыру.	Жағажайға саяхат, әңгімелеу сұрақ-жауап. т.б	Саяхат	1
	<b>3-апта</b>	<b>«Туған өлкеміздегі өнеркәсіптері» бейне фильм тамашалау</b>	Балаларға туған өлкеміздегі көптеген өнеркәсіптерін (Құс заводы, бекіре заводы, мұнай заводы т.б) көрсету арқылы түсінік беру.	Диск көрсету, әңгімелеу, ойындар ойнату т.б	Диск, ойынға қажетті суреттер.	1
	<b>4-апта</b>	<b>Қортындылау.</b>	Балалардың жыл бойына туған өлке тану, туған Отаны туралы алған білімдерін сұрақтар қою арқылы жауап алу.	Көрсету, сұрақ-жауап, ойындар ойнату.	Үлгі суреттер	1



